

КММ “№19 санаторлық бөбекжай бақшасы”

Меңгеруші жиналысының №2 хаттамасы

Қатысқандар: Тәрбиешілер, әдіскер, меңгеруші, мамандар

Қатыспағандар: 2

Мерзімі: Қараша

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.Педагог қызметкерлердің жеке шығармашылық тақырыптары бойынша жұмысы
- 2.Балалармен жұмыс барысында санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптардың орындалуын қадағалау (тақырыптық тексеру қорытындысы)
- 3.Бала өмірін ұйымдастыру. Құнарлы тамақтану нормаларының орындалуы

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша:

Әдіскер Саттыкова Айшат Акылбековна педагог қызметкерлердің жеке шығармашылық тақырыптары бойынша атқарған жұмыстарымен таныстырды. Атап айтқанда, тәрбиешілер Кожина Айман Багдуллаевна және Нурмаганбетова Жанна Кажигалиевна өздерінің шығармашылық ізденістері мен тәжірибелерімен бөлісті. Тәрбиешілер өздері дайындаған көрнекілік құралдарын, дидактикалық материалдарын және слайдтық таныстырылымдарын көрсетті. Сонымен қатар, алдағы уақытта жүзеге асырылатын жұмыс жоспарларымен таныстырып, өздерінің кәсіби даму бағыттарын айқындады.

Баяндамалар барысында бала тәрбиесі – күрделі әрі жауапты, сонымен қатар қызықты да абыройлы іс екендігі атап өтілді. Шығармашылық тақырыптарға сәйкес балалардың қолымен жасалған жұмыстар көрсетіліп, олардың танымдық және шығармашылық қабілеттерінің дамып келе жатқаны айтылды.

Екінші мәселе бойынша Медбике балабақшада балалармен жұмыс барысында санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптардың орындалуына жүргізілген тақырыптық тексерудің қорытындысымен таныстырды.

Тексеру нәтижесінде балабақшада санитарлық-гигиеналық талаптардың негізінен сақталып отырғаны анықталды. Атап айтқанда:

Жатын және ойын бөлмелерін жинастыруға арналған заттар бөлек сақталады;

Балалардың жеке бас гигиенасына ерекше көңіл бөлініп, бет сүлгілері мен бір реттік майлықтар күнделікті ауыстырылып, тазартылып отырады;

Ойыншықтар күн сайын жұмыс соңында сабынды-содалы ерітіндімен жуылады;

Жұмсақ ойыншықтар бактерицидті шамдардың көмегімен залалсыздандырылады;

Дәретхана бөлмелері (еден, есік тұтқалары, раковина, унитаз) күнделікті жылы сабынды сумен жуылып, арнайы құралдармен өңделеді;

Жалпы алғанда, балабақшада санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылып отырғаны атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша Медбике балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру мәселесіне тоқталды.

Балалардың күнделікті тамақ рационына дәрумендерге бай тағамдарды енгізу қажеттігі айтылды. Атап айтқанда:

Тағам құрамына түрлі жеміс-жидектер мен көкөністерді көбірек қосу;

Балаларға күнделікті балғын жемістерден компот дайындап беру;
Пайдалы әрі жеңіл сіңетін тағам ретінде қылтықсыз балық сорпасын жиі ұсыну;
Балалардың денсаулығын нығайтуда құнарлы әрі теңгерімді тамақтанудың маңызы зор екендігі ерекше атап өтілді.

Шешімі:

- 1.Педагог қызметкерлердің шығармашылық жұмыстары одан әрі жетілдіріліп, тәжірибеде жүйелі түрде қолданылсын.
2. Балабақшадағы санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптардың сақталуы қатаң бақылауға алынсын.
Бақылау медбике мен әдіскер Саттыкова Айшат Акылбековна жүктелсін.
3. Балалардың құнарлы және теңгерімді тамақтануын қамтамасыз ету мақсатында ас мәзірі жетілдіріліп, дәрумендерге бай тағамдар үлесі арттырылсын.

Жиналыс төрайымы: Шокпарова Кулсым Тюлюмбаевна

Жиналыс хатшысы: Жолмагамбетова Айдана Темирхановна